

## ДАИШ ұйымы – олар кімдер?

Бүгінгі күні әлем бетпе-бет келіп отырған лаңкестік қылмыс пен діни экстремизм дерті адамзат болашағына зор қауіп төндіруде. Әлемдік аренада экстремизм мен зорлық-зомбылықты пайдаланатын, ислам атын жамылған жаңа жүйесіз ұйымдар пайда болуда. Оның ішінде, бүгін әлем елдерінің тыныштығы мен қауіпсіздігіне көлеңке түсіріп, үрей тудырушы топтар арасында ДАИШ лаңкестік ұйымының белсенді әрекет етуде.

ДАИШ – 2013 жылы «әл-Каидамен» байланысын үзіп, 2014 жылдың маусымында Ирак және Сирия аумағында халифат құрылғанын жариялап, Абдалла Ибрагим әл-Самарийді (Әбу Бәкір әл-Багдади) өздеріне халиф етіп сайлады. Осылайша ДАИШ ұйымы құрылған уақыттан бері ислам әлемінің бейбітшілігіне бұлт үйіріліп, тыныштығына сызат түсті.

Әлемдік ақпарат құралдарының бүгінгі бас тақырыбы да осы ДАИШ ұйымының кантөгісті қылмыстарына арналып, баспасөз осыны жарыса жариялаумен әлектенуде.

Бүгінгі ислам әлемі әр күн экстремист-жанкештілердің лаңкестік әрекеттерінен жазықсыз ажал құшып жатқандардың саны туралы ақпараттармен көзін ашатын болды. Осы тектес барлық дерлік экстремистік әрекеттердің артында өздерін ДАИШ деп атайтын, Ирак және Сирия мемлекеттерінің солтүстігінде «азаматтық» соғыс отырған халықаралық террористтік, діни экстремистік ұйым тұр.

ДАИШ-тың негізі Сирияда "араб көктемі"деп аталған, халықтың президент Башар Асадтың режиміне қарсы наразылық білдіру шараларынан бастаған кейін пайда бола бастады. Ұйым Ирак, Сирия билігіне және мемлекеттік әскерлеріне қарсы соғысып, осы елдерде тұратын түрікмендерге, күрдтер мен христиан дінін ұстанушыларға қарсы қысым көрсетіп, қару қолдануда. Осының салдарынан отанын, баспанасын тастап қаншама тұрғындар босқынның күнін кешіп, бас сауғалауда.

ДАИШ неге осыншама қанқұмар ұйым деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Күллі әлемге белгілі, Ислам діні адам баласын ешуақытта да әсіре діншілдікті ұстануға шақырмаған. Керісінше, бұл дін мемлекетте, қоғамда тыныштықтың болуын көздейді.

Ал, ДАИШ болса жер бетінде «Ислам халифатын» орнатамыз деген ұранмен бірқатар мемлекеттерден жиналған, қарумен құрсауланған қылмыстық топтар арқылы Ирак және Шам елдеріне ойран салып, діни дүрдарздық пен бүлік шығаруды. Жазсықсыз жандардың қанын төгіп, ажал құштыруда.

Ең сұмдығы, «Ислам мемлекетін» құрушы лаңкестер әлем мұсылмандары үшін қасиетті Қағбаны қиратып, жермен жексен ету керек деген қара пиғылдарын ашық мәлімдеуі. Бұл – Исламға деген анық дұшпандық, мұсылмандық былай тұрсын, адамшылыққа да жат амал. Тарихта Карматилер Бахрейнде Муминие кентін құрып, қажылықтың батыл сенім екенін алға тарта отырып 930 жылы Меккеге шабуыл жасап, 2000 қажыны өлтіріп, Зәмзәм құдығына тастағаны, сонымен қатар, Қабадан қара тасты алып кеткені де тарихтан белгілі. Бүгінгі ДАИШ Карматилердің сол идеологиясын негізге алған адасқан ағым екеніне осыдан ақ көз жеткізуге болады.

Теріс пиғылды радикалды ағымдар Исламдағы «жиһад» сөзін пайдаланып, адамдарды мұсылман елдері арасында болып жатқан қақтығысқа қатысуға шақыруда. «Халифатшылардың» ғаламтор бетінде дүние жүзінің мұсылмандарын «жиһадқа» шақыратын аудио және видеоматериалдар күн санап көбеюде.

ДАИШ-тің қатарына дінді біліммен емес, жалған сезіммен түсініп қосылған, қару алып, «жиһадқа» шыққан Қазақстан азаматтарының болуы, әрине, өкінішті-ақ.

Осыған байланысты, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қазақстан азаматтарының мұсылман елдерінде орын алған соғысқа қатысуына байланысты мәлімдеме жасағаны да белгілі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Төралқа мүшелері, Ғұламалар Кеңесі мұсылман мемлекеттерінде орын алған келеңсіз оқиғаларға алаңдаушылық білдіріп, тұрақсыздықты, діни жанжал мен алауыздықты өркениетті түрде, бейбіт жолмен шешуге шақырды. Бұл ретте Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Ғұламалар Кеңесі «Жиһад ұғымы және қазіргі заман» туралы арнайы пәтуа шығарып, Жиһадтың шарттарын түсіндіріп берді. Олар төмендегідей шарттардан тұрады:

**Ең әуелі** имамның (мемлекет басшысының) рұқсаты болуы тиіс. Ислам шариғатында имамның (мемлекет басшысының) рұқсатынсыз соғысқа шығуға тыйым салынған. Жиһад (соғыс) істері имамға (мемлекет басшысына) жүктелгенінде ешқандай күмән жоқ. Күнә істерден бөлек басшыға бойсұну міндет. Қасиетті Құранда: **«Әй, мүміндер. Аллаға бойсұнып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бойсұныңдар»** («Ниса» сүресі, 59-аят) деп бұйырылған.

**Екіншіден**, шариғат шартына сәйкес, жиһадқа шыққан адамның мақсаты айқын болуы тиіс.

**Үшіншіден**, дұшпаннан төніп тұрған қауіп нақты болуы шарт.

Егер бұл шарттар орындалмаса, онда мұсылманның іс-әрекеттері бұзақылыққа, қаскөйлікке ұласады. Біреудің өміріне қауіп төндіруге, ар-намысына тиюге, зұлымдық жасауға – Ислам дінінде рұқсат жоқ. Бұл туралы Құранда: **«Жазықсыз адамды өлтірген адам – барлық адам баласын өлтіргенмен тең (күнәкар) болады»** («Мәйда» сүресі, 32-аят) – деп қатаң ескертілген.

Соқыр сеніммен өзге елдің ішкі мәселесіне араласып, саяси соғыстарға қатысу – «ахли сүннет» ақидасына жат және ислам шариғатына қайшы. Шындығында, **кез-келген соғысқұмар адамның ашқан соғысы жиһадқа жатпайды**. Негізінде, мұндай бас-көзсіз озбырлық іс-әрекеттер мәселені шешпейді. Керісінше, жағдайды ушықтырып, шиеленістіре түседі. Ақиқатында, адамзат үшін қазіргі ең үлкен жиһад – сауатсыздықпен күрес. Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): **«Үлкен жиһад – өз нәпсіңмен күрес»**, – деген өсиеті мұсылман затына өмірлік ұстаным болуы тиіс.

Осылайша, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қазіргі кезде Ирак және Шам елдерінде орын алып жатқан оқиғаларды қолдамайтынын мәлімдеп, қазақ жастарының озбырлық әрекетін айыптады.

Ислам – бейбітшілік пен мейірімділік дін ретінде әлемдегі алуан нәсілі, түрлі тілдерді, әрқилы ұлттық ерекшеліктері бар ұлттар мен ұлыстарды біріктіріп отырған әлемдік дін. Бейбіт өмір мен ізгілік қағидаларын ардақтайтын, адамгершілік пен

бауырмашылықты насихаттайтын Исламда – зорлық-зомбылық, мұсылман бауырын кәпірлікпен айыптау, намаз оқымаса ағайын туыспен қатынас үзу, өмір сүріп жатқан мемлекеттің заңдарын мойындамау, өзімен пікірлес болмағаны үшін басқалармен тығыз қарым-қатынаста болу, қоғам мүшелеріне құрметсіздікпен қарау, басқаларды бүлікке шақыру сияқты т.б. ұстанымдар ешуақытта да болмаған.

«Жалған жихад» жолында бөтен елді паналап, өз Отанын тастап, өзгеге жәрдем беремін деген адамнан бүгінгі қоғам үшін пайда жоқ екені айдан анық дүние.

Экстремистік, діни фанатизм, лаңкестік, пікір төзімсіздігі ислам дініне жат екенін **«Бір-бірлерінді өлтірмендер. Расында Алла сендерге ерекше мейірімді. Ал кім айтылғанды дұшпандық, зұлымдықпен істесе, оны жақында отқа саламыз. Бұл – Аллаға оңай»** (Ниса: 29-30) деген Алланың аяттарынан білетін мұсылман баласы өзгеге зәредей зиян етпейді.

Ал енді ДАИШ содырларының ғаламтор бетін жаулаған бейнероликтеріне назар салсаңыз, ондағы қатыгездік мен қаншерлікті сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мұнда мұсылман немесе кәпір деп айырмастан жазықсыз жандар аяусыз атылып, асылып, бастары кесіліп, қойша бауыздалып жатады.

Исламда адам өмірі, оның құқығы – қасиетті. Адамның жаны – Алланың оған берген аманаты. Адамның жанын алуға Алладан басқа ешкімнің құқығы жоқ. Сөзімізге: **«Өлтірілуіне Алла тыйым салған кісіні нақақтан өлтірмендер...»** (Әнғам: 151) Құран аяты дәлел.

Ислам адамзатты бірлікке шақырып, достыққа үндесе, ДАИШ-тіктер қарулы шайқасқа, қанды соғысқа үндейді. Бұлар – зорлау, өлтіру, жаппай жазаға тартып дарға асу, ұрлау, мешіттер мен шіркеулерді қирату, әйелдерді жыныстық құлдыққа салу, балаларға зорлық-зомбылық көрсету және оларды ұрыс іс-қимылдарына тарту сынды қылмыстар. Сонымен қатар, ДАИШ Ирактағы шиит, христиан, түркімен, күрд, езид сынды этникалық әрі діни азшылық өкілдеріне жүйелі түрде шабуыл жасап, қан төгуде. **Сондықтан, Құран ұстап, ізгілікке ұмтылып көрмеген ДАИШ ұйымы бұзақы, қылмыскер топ, экстремистік ұйым болып танылады.** ДАИШ содырларының шектен тыс әрекеттерін, басшысы Әбу Бәкір әл-Бағдади мен оның жақтаушыларын айыптаған, мұсылман әлемінің белгілі жүз жиырмадан астам ислам ғұламалары мен мүфтилерінің қолдары қойылған ашық хат жарияланғаны белгілі. Ашық хатта ғалымдар содырлардың жасап жатқан әрекеттері мен деклорацияларына талдау жасап, олардың Ислам ұстанымдарына мүлдем сәйкес келмейтінін мәлімдейді. Ғұламалар оларды тәубеге келіп, қайырымдылық пен мейірімділік дініне қайтуға, террористік әрекеттерін тоқтатуға шақырады.

Сөз соңында ислам әлемі мен дін ғұламаларының бүтін тұжырымына сәйкес, ДАИШ Исламға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, содырлардан құрылған лаңкестік ұйым деген қорытынды шығаруымызға болады.

**Балғабек МЫРЗАЕВ,**

**теология ғылымының докторы, дінтанушы**